**Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттаудан өткізу қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2026 жылғы 30 сәуірдегі № 114-НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 4 мамырда № 38645 болып тіркелді

Ескерту. Қолданысқа енгізу тәртібі осы бұйрықтың 4-тармағында қарастырылған.

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 55-1-бабы 3-тармағының 1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттаудан өткізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

2026 жылғы 12 шілдеден бастап:

Қағидалардың 2-тармағының 3) тармақшасы, 16-тармағының 7) тармақшасы, 17-тармағының 2) және 3) тармақшалары, 48-тармағы мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"3) кешенді тестілеу – цифрлық технологияларды қолдана отырып, бірнеше оқу пәндері бойынша бір мезгілде жүргізілетін оқу нәтижелерін бағалау нысаны;";

"7) оқу-әдістемелік және цифрлық ресурстар;";

"2) Ұлттық білім беру деректер қорында, сондай-ақ білім беру ұйымдары пайдаланатын цифрлық жүйелер мен цифрлық платформаларда қамтылған мәліметтер;

3) мемлекеттік органдардың цифрлық жүйелеріндегі және ресми интернет-ресурстардағы мәліметтер;";

"48. 4 және 9-сынып білім алушыларын компьютерлік тестілеу білім беру бағдарламаларын меңгеру деңгейінің МЖМБС талаптарына сәйкестігін анықтау мақсатында цифрлық технологияларды қолдана және тест тапсырмаларын пайдалана отырып, кешенді тестілеу нысанында өткізіледі.";

Қағидаларға 1, 2 және 3-қосымшалар осы бұйрыққа 2, 3 және 4-қосымшаларға сәйкес редакцияда қолданылады.

*Қазақстан Республикасы*
*Оқу-ағарту министрі* *Ж. Сулейменова*

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрі
2026 жылғы 30 сәуірдегі
№ 114-НҚ Бұйрыққа
1-қосымша

**Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттаудан өткізу қағидалары**

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттаудан өткізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 55-1-бабы 3-тармағының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және тиісті деңгейдегі білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттаудан өткізу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) білім беру бағдарламасы – оқытудың мақсатын, нәтижелері мен мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастыруды және оларды іске асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттарын қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының біртұтас кешені;

2) білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттау (бұдан әрі – мемлекеттік аттестаттау) – білім беру қызметінің тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкестігін айқындауға бағытталған білім берудің сапасы мен қолжетімділігін кешенді түрде бағалау рәсімі;

3) кешенді тестілеу – ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып, бірнеше оқу пәндері бойынша бір мезгілде жүргізілетін оқу нәтижелерін бағалау нысаны;

4) мүдделер қақтығысы – аттестаттау комиссиясының құрамына енгізу үшін ұсынылатын тұлғаның не оның мүшесінің жеке мүдделері мен қызметтік міндеттері қайшы келіп, өз міндеттерін объективті, бейтарап және тиісінше орындауына әсер етуі мүмкін жағдай.

5) оқу бағдарламасы – әрбір оқу сабағы, әрбір оқу пәні және (немесе) модуль бойынша меңгерілуге тиіс білімнің, машықтың, дағды мен біліктіліктің мазмұны мен көлемін айқындайтын бағдарлама;

6) оқу жоспары – тиісті білім беру деңгейінде білім алушылардың оқу сабақтарының, оқу пәндерінің және (немесе) модульдердің, кәсіптік практиканың, өзге де оқу қызметі түрлерінің тізбесін, реттілігін, көлемін (еңбекті қажетсінуін) және бақылау нысандарын регламенттейтін құжат;

7) оқыту нәтижелері – білім алушылардың білім беру бағдарламасын меңгеру бойынша алған, көрсететін білімінің, машықтарының, дағдыларының бағалаумен расталған көлемі және қалыптасқан құндылықтар мен қарым-қатынастар.

3. Мемлекеттік аттестаттауды:

1) мемлекеттік аттестаттауды денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган жүргізетін білім беру ұйымдарын қоспағанда, ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын республикалық білім беру ұйымдарына қатысты Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті (бұдан әрі – Комитет);

2) республикалық білім беру ұйымдарын және мемлекеттік аттестаттауды денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган жүргізетін білім беру ұйымдарын қоспағанда, меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына қатысты Комитеттің аумақтық бөлімшелері (бұдан әрі – аумақтық бөлімшелер) өткізеді.

4. Мемлекеттік аттестаттау бес жылда бір рет өткізіледі.

5. Бірінші мемлекеттік аттестаттау жаңадан құрылған, мынадай:

1) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында – қызметі басталған кезден бастап үш жыл өткен соң;

2) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын ұйымдарда – төрт жыл өткен соң;

3) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдарда мамандардың алғашқы бітіру кезінен бастап бір жылдан кешіктірілмей өткізіледі.

6. Мемлекеттік аттестаттауды өткізу кезінде тәрбиеленушілердің, білім алушылардың, педагогтердің және өзге де тұлғалардың дербес деректерін өңдеу " Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес және мемлекеттік аттестаттаудың мақсаттарына қол жеткізу үшін қажетті көлемде жүзеге асырылады.

Аудио-, фото- және бейнематериалдарды тіркеуге білім беру ұйымының басшысын алдын ала хабардар еткен жағдайда жол беріледі және ол білім беру процесіне араласпай жүзеге асырылады.

**2-тарау. Мемлекеттік аттестаттауды өткізу тәртібі**

7. Мемлекеттік аттестаттау мынандай кезеңдерден тұрады:

1) алдағы күнтізбелік жылы мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесін (бұдан әрі – Тізбе) бекіту;

2) білім беру ұйымының білім беру қызметіне өзін-өзі бағалау жүргізуі;

3) 4 және 9-сыныптардың білім алушыларына компьютерлік тестілеу жүргізу;

4) аттестаттау комиссиясын қалыптастыру;

5) мемлекеттік аттестаттауды жүргізу және қорытындыны жасау;

6) білім беру ұйымына бара отырып, анықталған сәйкессіздіктерді жою нәтижелерін бағалау (олар анықталған жағдайда);

7) білім беру ұйымын мемлекеттік аттестаттаудан өтті немесе өтпеді деп тану туралы шешім қабылдау.

8. Комитет және оның аумақтық бөлімшелері жыл сайын 1 қарашаға дейін әрбір білім беру ұйымы бойынша мемлекеттік аттестаттауды өткізудің жоспарланған мерзімдерін (айларын) көрсете отырып Тізбені бекітеді.

Тізбе бекітілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Комитеттің және оның аумақтық бөлімшелерінің интернет-ресурстарында орналастырылады.

Тізбеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу білім беру ұйымын қайта ұйымдастыру, тарату жағдайларында, сондай-ақ табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған, төтенше жағдай режимі енгізілген, эпидемиялардың таралуы туындаған немесе таралу қаупі болған, карантиндік объектілер мен аса қауіпті зиянды организмдер ошақтары, инфекциялық және паразиттік аурулар, уланулар, радиациялық

авариялар және олармен байланысты шектеулер туындаған жағдайларда жүзеге асырылады.

9. Тізбеге қосылған білім беру ұйымдары осы Қағидаларда белгіленген өлшемшарттар негізінде білім беру қызметіне өзін-өзі бағалау жүргізеді және өзін-өзі бағалау материалдарын Тізбеде көрсетілген мемлекеттік аттестаттаудың басталу мерзіміне дейін кемінде 5 (бес) күн бұрын өзінің ресми интернет-ресурстарында орналастырады.

10. Өзін-өзі бағалау материалдары оларды орналастыру сәтінде толық, шынайы және өзекті болуы тиіс.

Өзін-өзі бағалау материалдары растайтын материалдарымен қоса осы Қағидаларда көзделген бағыттар мен бағалау өлшемшарттары бойынша талдамалық ақпаратты қамтиды.

Өзін-өзі бағалау материалдарының ұсынылмауын не толық емес немесе дәйексіз ұсынылуын аттестаттау комиссиясы білім беру ұйымының білім беру қызметін бағалау кезінде ескереді.

11. Мемлекеттік аттестаттауға дайындық шеңберінде бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында 4 және 9-сыныптардың білім алушыларына компьютерлік тестілеу жүргізіледі.

Аттестаттау комиссиясы компьютерлік тестілеу нәтижелерін білім беру ұйымының білім беру қызметін бағалау кезінде пайдаланады.

Компьютерлік тестілеуді өткізу тәртібі осы Қағидалардың 5-тарауымен айқындалады.

12. Аттестаттау комиссиясын Комитет не оның аумақтық бөлімшелері өз құзыреті шегінде кемінде 3 (үш) адамнан тұратын құрамда қалыптастырады.

Аттестаттау комиссиясының төрағасы болып Комитеттің не оның аумақтық бөлімшесінің өкілі тағайындалады.

Аттестаттау комиссиясы мүшелерінің арасынан комиссия хатшысы айқындалады. Аттестаттау комиссиясының хатшысы оның жұмысын ұйымдастыруды және отырысының хаттамасын жүргізуді қамтамасыз етеді.

13. Аттестаттау комиссиясының құрамына:

1)Комитеттің және (немесе) оның аумақтық бөлімшелерінің өкілдері;

2)Ведомстволық бағыныстылығында білім беру ұйымдары бар мемлекеттік органдардың (мемлекеттік білім беру ұйымдарында мемлекеттік аттестаттау жүргізілген кезде) және (немесе) білім беруді басқару органдарының қарауындағы оқу-әдістемелік орталықтардың өкілдері;

3)аттестатталатын білім беру ұйымының қызмет бағыты бойынша жұмыс тәжірибесі бар білім беру ұйымдарының, сондай-ақ білім беру саласындағы кәсіби бірлестіктердің (қауымдастықтардың) өкілдері (келісу бойынша), оның ішінде:

"педагог-сарапшы", "педагог-зерттеуші", "педагог-шебер" біліктілік санаттары бар және (немесе) магистр дәрежесі бар педагогтер;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5750 болып тіркелген) бекітілген Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларында белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келетін әдіскерлер, білім беру ұйымдарының басшылары мен басшының орынбасарлары;

білім беру саласында тиісті тәжірибесі және (немесе) сараптамалық құзыреттері бар кәсіби бірлестіктердің (қауымдастықтардың) өкілдері;

4)"Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының, жұмыс берушілердің және (немесе) әлеуметтік әріптестердің өкілдері (техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін) (келісу бойынша) кіреді.

14. Аттестаттау комиссиясының құрамына мүдделер қақтығысы бар тұлғалар енгізілмейді.

Аттестаттау комиссиясының мүшесі мүдделер қақтығысы болған немесе туындаған жағдайда, бұл туралы Комитетті не оның аумақтық бөлімшесін дереу хабардар етуге міндетті.

Мүдделер қақтығысы анықталған жағдайда тиісті тұлға аттестаттау комиссиясының құрамына қойылатын талаптарды сақтай отырып ауыстырылуға жатады.

15. Мемлекеттік аттестаттауды аттестаттау комиссиясы осы Қағидалардың 24-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, білім беру ұйымына бармай, Тізбеде көзделген мерзімдерде өткізеді және 7 (жеті) жұмыс күнінен аспайды.

Мемлекеттік аттестаттауға білім беру ұйымының алдыңғы 2 (екі) оқу жылындағы және мемлекеттік аттестаттауды өткізу мерзімі ескеріле отырып, ағымдағы оқу жылындағы қызметі жатады.

16. Мемлекеттік аттестаттау, оның ішінде мамандықтар бөлінісінде мемлекеттік аттестаттау өткізу кезінде зерделеу бағыттары білім беру деңгейі ескеріле отырып айқындалады және мыналарды қамтиды:

1) жалпы сипаттама, оның ішінде білім беру ұйымы туралы жалпы мәліметтер;

2) кадрлық құрам, оның ішінде кадрлық әлеуетке талдау;

3) тәрбиеленушілер мен білім алушылар контингенті;

4) білім беру ұйымдарындағы оқу-әдістемелік жұмыс;

5) тәрбие жұмысы;

6) материалдық-техникалық қамтамасыз ету;

7) оқу-әдістемелік және ақпараттық ресурстар;

8) 4 және 9-сынып білім алушыларын компьютерлік тестілеу нәтижелері;

9) өндірістік және кәсіптік практиканы ұйымдастыру.

17. Мемлекеттік аттестаттау мынадай деректерді талдау, зерделеу және салыстыру арқылы жүргізіледі:

1) тиісті білім беру ұйымының ресми интернет-ресурстарында орналастырылған білім беру қызметінің өзін-өзі бағалау материалдары;

2) Ұлттық білім беру деректер қорында, сондай-ақ білім беру ұйымдары пайдаланатын ақпараттық жүйелер мен цифрлық платформаларда қамтылған мәліметтер;

3) мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелеріндегі және ресми интернет-ресурстарындағы мәліметтер;

4) 4 және 9-сынып білім алушыларын компьютерлік тестілеу нәтижелері.

18. Білім беру ұйымының қызметін бағалау осы Қағидаларға 1, 2, және 3-қосымшаларда белгіленген бағалау өлшемшарттары негізінде жүзеге асырылады.

19. Білім беру сапасы мен қолжетімділігіне жүргізілген кешенді бағалау нәтижелері бойынша аттестаттау комиссиясы білім беру ұйымының білім беру қызметінің Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының (бұдан әрі – МЖМБС) талаптарына сәйкестігі немесе сәйкессіздігі туралы алқалы шешім қабылдайды.

20. Аттестаттау комиссиясының шешімі оның мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда, аттестаттау комиссиясы төрағасының дауысы шешуші болады. Аттестаттау комиссиясы отырысының барысы және қабылданған шешім төраға мен хатшы қол қоятын хаттамамен ресімделеді.

21. Мемлекеттік аттестаттау нәтижелері бойынша аттестаттау комиссиясы Мемлекеттік аттестаттау қорытындысын (бұдан әрі – Қорытынды) ресімдейді, оған аттестаттау комиссиясының төрағасы мен мүшелері қол қояды.

22. Қорытындыда мыналар көрсетіледі:

1) білім беру ұйымы туралы мәліметтер;

2) аттестаттау комиссиясының құрамы туралы мәліметтер;

3) осы Қағидалардың 16-тармағында көзделген бағыттар бойынша бағалау нәтижелері;

4) білім беру ұйымының білім беру қызметінің МЖМБС талаптарына сәйкестігі немесе сәйкессіздігі туралы шешім;

5) білім беру ұйымының қызметін жетілдіру жөніндегі ұсынымдар.

23. Мемлекеттік аттестаттау нәтижелері бойынша білім беру ұйымының білім беру қызметінің МЖМБС талаптарына сәйкессіздіктері (бұдан әрі – сәйкессіздіктер) анықталған жағдайда, аттестаттау комиссиясы отырысының хаттамасынан үзінді мемлекеттік аттестаттау материалдарымен бірге хаттамаға қол қойылған күннен бастап

1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірілмей Комитетке немесе оның аумақтық бөлімшесіне жіберіледі.

24. Комитет немесе оның аумақтық бөлімшесі аттестаттау комиссиясы отырысының хаттамасынан үзінді негізінде білім беру ұйымына анықталған сәйкессіздіктерді жою қажеттілігі туралы хабарламаны (бұдан әрі – Хабарлама) оны алған күннен бастап 3 ( үш) жұмыс күнінен кешіктірмей жібереді.

Хабарламада анықталған сәйкессіздіктерді жою мерзімі оның жіберілген күнінен бастап 3 (үш) айдан аспайтындай етіп белгіленеді.

25. Мемлекеттік аттестаттау нәтижелері бойынша сәйкессіздіктер анықталған білім беру ұйымы аттестаттау комиссиясының хабарламасын алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде анықталған сәйкессіздіктерді жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын ( бұдан әрі – іс-шаралар жоспары) әзірлейді және оны Комитетке не оның аумақтық бөлімшесіне жолдайды.

26. Іс-шаралар жоспары анықталған сәйкессіздіктерді жою жөніндегі іс-шаралар тізбесін, аяқтау нысанын, оларды орындау мерзімдерін және жауапты орындаушыларды қамтиды.

27. Анықталған сәйкессіздердікті жою үшін белгіленген мерзім аяқталғаннан кейін білім беру ұйымы Комитетке не оның аумақтық бөлімшесіне олардың жойылғанын растайтын ақпарат пен құжаттарды жібереді.

28. Белгіленген мерзімде анықталған сәйкессіздіктердің жойылғанын растайтын ақпарат пен құжаттардың ұсынылмауы оларды жоймау ретінде қарастырылады және білім беру ұйымын МЖМБС талаптарына сәйкес емес деп тануға негіз болады.

29. Анықталған сәйкессіздіктердің жойылуын бағалауды осы Қағидалардың 12-тармағына сәйкес қалыптастырылған аттестаттау комиссиясы білім беру ұйымына бару арқылы, ұсынылған құжаттар негізінде және бұрын анықталған сәйкессіздіктер шегінде жүзеге асырады.

Аттестаттау комиссиясының құрамы оның мүшелерінің бағалау жүргізуге қатысуына кедергі келтіретін жағдайларда, сондай-ақ мүдделер қақтығысы болған кезде өзгертіледі.

30. Анықталған сәйкессіздіктердің жойылуын бағалау нәтижелері бойынша аттестаттау комиссиясы білім беру ұйымының білім беру қызметінің МЖМБС талаптарына сәйкестігі не сәйкес еместігі туралы шешім қабылдайды және оны осы Қағидалардың 22-тармағына сәйкес Қорытынды түрінде ресімдейді.

31. Мемлекеттік аттестаттау Қорытындыға қол қойылған күннен бастап аяқталған болып есептеледі.

32. Қорытынды білім беру ұйымына оның алынғанын растауды қамтамасыз ететін электрондық тәсілмен, оның ішінде электрондық құжат айналымы жүйесі немесе электрондық пошта арқылы жіберіледі.

Қорытындыны алған күн болып оның жеткізілгені расталған күн есептеледі.

33. Қорытындымен келіспеген жағдайда білім беру ұйымы Қорытындыны алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Комитетке не оның аумақтық бөлімшесіне жазбаша ескертулер және (немесе) қарсылықтар жолдауға құқылы.

Комитет не оның аумақтық бөлімшесі мемлекеттік аттестаттау нәтижелері бойынша шешім қабылдағанға дейін келіп түскен ескертулерді және (немесе) қарсылықтарды қарайды.

Ескертулер және (немесе) қарсылықтар келіп түскен жағдайда Комитет не оның аумақтық бөлімшесі білім беру ұйымын келіп түскен ескертулерге және (немесе) қарсылықтарға қатысты өз ұстанымын білдіру мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін тыңдауды өткізу уақыты, күні және орны (тәсілі) туралы хабардар етеді. Тыңдау Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 73-бабында көзделген тәртіппен және мерзімдерде жүргізіледі.

Ескертулерді және (немесе) қарсылықтарды қарау нәтижелері бойынша Комитет не оның аумақтық бөлімшесі оларды қанағаттандыру туралы шешім қабылдайды не бас тарту туралы дәлелді жауап жолдайды.

**3-тарау. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары**

34. Білім беру ұйымдарының білім беру қызметін бағалау мынадай деңгейлерге жатқызылған өлшеуіштерді қолдану арқылы өлшемшарттар бойынша жүзеге асырылады:

1) "үлгілі" – 5 балл;

2) "жақсы" – 4 балл;

3) "жақсартуды талап етеді" – 3 балл;

4) "төмен" – 2 балл.

35. Бағалау өлшемшарттарына арналған өлшеуіштер осы Қағидаларға 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес қолданылады.

36. Білім беру ұйымының білім беру қызметінің деңгейі ең жақын бүтін санға дейін дөңгелектене отырып, өлшемшарттар бойынша алынған бағалардың арифметикалық орташа мәні ретінде айқындалады.

37. Білім беру ұйымының білім беру қызметін бағалау нәтижелері осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделеді.

38. Білім беру ұйымы қызметінің қорытынды деңгейі "үлгілі", "жақсы" немесе " жақсартуды талап етеді" деңгейлеріне сәйкес келген жағдайда мемлекеттік аттестаттаудан өтті деп танылады.

39. Білім беру ұйымы МЖМБС талаптарына сәйкессіздіктер анықталған жағдайда не қызметінің қорытынды деңгейі "төмен" деңгейге сәйкес келген жағдайда мемлекеттік аттестаттаудан өтпеді деп танылады.

40. Анықталған сәйкессіздіктерді жоюды бағалау кезінде бағалау бұрын бұзушылықтар анықталған өлшемшарттар мен өлшеуіштер бойынша жүзеге асырылады.

**4-тарау. Мемлекеттік аттестаттау қорытындыларын шығару және оның нәтижелеріне шағымдану тәртібі**

41. Қорытынды негізінде Комитет не оның аумақтық бөлімшесі өз құзіреті шегінде білім беру ұйымын мемлекеттік аттестаттаудан өткен не өтпеген деп тану туралы бұйрықты Қорытындыға қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей шығарады.

42. Білім беру ұйымын мемлекеттік аттестаттаудан өткен не өтпеген деп тану туралы бұйрық шығарылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде білім беру ұйымының назарына жеткізіледі.

43. Мемлекеттік аттестаттау нәтижелері туралы ақпарат Комитеттің не оның аумақтық бөлімшесінің ресми интернет-ресурстарында тиісті бұйрық шығарылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірілмей орналастырылады.

44. Мемлекеттік аттестаттаудан өтпеді деп танылған білім беру ұйымдарына қатысты мемлекеттік бақылау шаралары Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.

45. Бұрын анықталған МЖМБС талаптарына сәйкессіздіктерді жоймаған білім беру ұйымы келесі күнтізбелік жылдың Тізбесіне енгізіледі.

46. Мемлекеттік аттестаттауды өткізетін Комитеттің не оның аумақтық бөлімшесінің, сондай-ақ олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде белгіленген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.

47. Мемлекеттік аттестаттау материалдары Комитетте не оның аумақтық бөлімшесінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен білім беру ұйымын мемлекеттік аттестаттаудан өтті немесе өтпеді деп тану туралы бұйрық шығарылған күннен бастап кемінде 5 (бес) жыл сақталады.

**5-тарау. 4 және 9-сынып білім алушыларын компьютерлік тестілеу**

48. 4 және 9-сынып білім алушыларын компьютерлік тестілеу білім беру бағдарламаларын меңгеру деңгейінің МЖМБС талаптарына сәйкестігін анықтау мақсатында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып және тест тапсырмаларын пайдалану арқылы кешенді тестілеу нысанында өткізіледі.

49. Компьютерлік тестілеу мемлекеттік аттестаттау басталғанға дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен ерте емес және 5 (бес) жұмыс күннен кешіктірілмей өткізіледі.

50. Комитеттің не оның аумақтық бөлімшелерінің қызметкерлері өз құзыреті шегінде компьютерлік тестілеуді өткізу кезінде оның объективтілігі мен ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында бақылаушы ретінде қатысады.

51. Компьютерлік тестілеуді өткізу кезінде білім алушылар үшін бірыңғай жағдайлар мен тең мүмкіндіктер қамтамасыз етіледі.

52. Білім беру ұйымы тиісті білім беру деңгейіндегі білім алушылардың компьютерлік тестілеуге қатысуын қамтамасыз етеді және олардың келуі мен тестілеуден өтуі үшін шаралар қабылдайды.

53. Компьютерлік тестілеу оған тиісті білім беру деңгейіндегі білім алушылардың жалпы санының кемінде 90 %-ы қатысқан жағдайда өткізіледі (білім алушыларының жалпы саны 10 және одан аз адамды құрайтын білім беру ұйымдары үшін – кемінде 80 %)

54. Әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларға, сондай-ақ аурулардың туындау немесе таралу қаупіне байланысты шектеу шаралары енгізілген жағдайда, компьютерлік тестілеу оларды тиісті мемлекеттік органдар алып тастағанға дейін кейінге қалдырылады.

55. Білім алушылар мынадай жағдайларда және негіздер бойынша компьютерлік тестілеуден өтуден босатылады және тестілеуге жататын адамдар қатарына енгізілмейді:

1) психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысы негізінде (ерекше білім беру қажеттіліктері (бұдан әрі - ЕББҚ) бар балалар үшін);

2) денсаулық жағдайы бойынша дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы;

3) қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелерінде орналасқан білім беру ұйымдарында оқу;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өткізілетін олимпиадаларға, конкурстар мен жарыстарға қатысу.

56. Компьютерлік тестілеу кезінде бағалау шкаласы келесідей айқындалады:

1) "өте жақсы" – 85–100 %;

2) "жақсы" – 65–84 %;

3) "қанағаттанарлық" – 40–64 %;

4) "қанағаттанарлықсыз" – емтихан материалындағы сұрақтардың жалпы санынан дұрыс жауаптардың 40 %-ынан төмен.

57. Компьютерлік тестілеу нәтижелері цифрлық бес балдық жүйе бойынша бағаланады, бұл ретте апелляция рәсімі қарастырылмайды.

58. Компьютерлік тестілеу нәтижелері осы Қағидалардың 53-тармағына сәйкес тестілеуге қатысқан білім алушылардың жалпы санынан кемінде 40 % "қанағаттанарлық" деңгейінен төмен емес нәтиже көрсеткен жағдайда, МЖМБС талаптарына сәйкес деп танылады.

.

Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына мемлекеттік аттестаттау өткізу қағидаларына 1-қосымша

## Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары

| № п/п | Бағалау өлшемшарттары | Өлшеуіштер | Баллдары |
|---|---|---|---|
| Жалпы сипаттағы өлшемшарттар | | | |
| 1 | Білім беру қызметін жүзеге асыру құқығын беретін құрылтай және рұқсат беру құжаттарының болуы және олардың Қазақстан Республикасының "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" және "Білім туралы" заңдарының талаптарына сәйкестігі | құрылтай құжаттары Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына толық сәйкес келеді | 5 |
| | | құжаттар талаптарға сәйкес, алайда техникалық сипаттағы болмашы сәйкессіздіктер бар | 4 |
| | | құжаттарда жекелеген сәйкессіздіктер бар (мәліметтер, қосымшалар, деректемелер бойынша) | 3 |
| | | рұқсат беру құжаттары немесе құжаттар белгіленген талаптарға сәйкес келмейді | 2 |
| 2 | Білім беру ұйымы басшысының "Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік | біліктілік талаптарына сәйкес келеді; тағайындау белгіленген тәртіппен рәсімделген | 5 |
| | | біліктілік талаптарына сәйкес келеді; болмашы рәсімдік сәйкессіздіктер бар | 4 |
| | | жекелеген біліктілік талаптары сақталмаған | 3 |
| | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | тіркеу тізілімінде № 5750 болып тіркелген) бекітілген педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларына сәйкестігі | біліктілік талаптарына сәйкес келмеуі немесе білім беру бағдарламаларын іске асыруды басқаруда елеулі бұзушылықтардың болуы | 2 | |
| 3 | Мектепке дейінгі ұйым түрінің "Білім беру ұйымдары түрлерінің номенклатурасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы № 503 бұйрығына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8390 болып тіркелген) сәйкес білім беру ұйымдары түрлерінің номенклатурасына сәйкестігі. | толық сәйкес келеді | 5 | |
| | | құжаттарда немесе атауында болмашы сәйкессіздіктер бар | 4 | |
| | | ішінара сәйкес келеді, жекелеген талаптар сақталмаған | 3 | |
| | | сәйкес келмейді | 2 | |
| | Білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін жағдайларды қамтамасыз ету, сондай-ақ білім беру ұйымы бекіткен жұмыс жоспарлары мен алқалы органдар отырыстары хаттамаларының болуы және олардың қызметінің : "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2008 жылғы 16 мамырдағы № 272 бұйрығына ( Нормативтік құқықтық | басқару құрылымы мен басқару органдарының қызметі заңнама талаптарына сәйкес келеді | 5 | |
| | | басқару құрылымы мен басқару органдарының қызметі заңнама талаптарына сәйкес келеді, болмашы техникалық қателіктер бар | 4 | |
| | | басқару құрылымы мен басқару органдарының қызметі заңнама талаптарына ішінара сәйкес, елеулі сәйкессіздіктер анықталған | 3 | |
| | | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 4 | актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5229 болып тіркелген), "Білім беру ұйымдарындағы қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидаларын және оны сайлау тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15584 болып тіркелген), "Мәдениет саласындағы білім беру ұйымдарын қоспағанда, білім беру ұйымдарында оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 10 тамыздағы № 253 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33285 болып тіркелген), "Педагогикалық әдеп қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 190 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20619 болып тіркелген) талаптарына сәйкестігі | басқару құрылымы мен басқару органдары құрылмаған не олардың қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына сәйкес келмейді | 2 |
| Кадр құрамына қойылатын өлшемшарттар | | | |
| | Тиісті бейін бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) | 100% | 5 |
| | | 90-99% | 4 |
| | | 80-89% | 3 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 5 | педагогикалық білімі бар немесе педагогикалық қайта даярлаудан өткендігін растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі | 80%-дан төмен | 2 |
| 6 | Педагогтердің біліктілік санаты деңгейін кемінде 5 (бес) жылда бір рет ( оның ішінде басшылар – кемінде 3 (үш) жылда бір рет) арттыруы немесе растауы бойынша үлесі | 100% | 5 |
| | | 90-99% | 4 |
| | | 80-89% | 3 |
| | | 80%-дан төмен | 2 |
| 7 | Педагогтердің (оның ішінде басшылар мен олардың орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан кемінде 3 ( үш) жылда бір рет өткен үлесінің сәйкестігі | 100% | 5 |
| | | 90-99% | 4 |
| | | 80-89% | 3 |
| | | 80%-дан төмен | 2 |
| Тәрбиеленушілер контингентіне қойылатын өлшемшарттар | | | |
| 8 | "Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29329 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) сәйкес балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптардың сақталуы | талаптар толық сақталған | 5 |
| | | жекелеген техникалық ауытқуларға жол берілген, олар талаптардың сақталуына әсер етпейді | 4 |
| | | жас топтарын қалыптастыруда жекелеген талаптар сақталмаған | 3 |
| | | жас топтарын қалыптастыру талаптары сақталмаған немесе өрескел бұзушылықтар анықталған | 2 |
| 9 | Балалардың жасын ескере отырып, Үлгілік қағидаларға сәйкес жас топтарын қалыптастыру талаптарының сақталуы | талаптар сақталған | 5 |
| | | шекті толымдылықтың сақталуына әсер етпейтін жекелеген ауытқулар | 4 |
| | | жүйелі сипатқа ие емес және белгіленген нормативтердің асып кетуіне әкелмейтін жекелеген ауытқулар | 3 |
| | | белгіленген толымдылықтың асып | 2 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | кетуі немесе талаптардың жүйелі түрде сақталмауы | |
| 10 | Ерекше білім беру қажеттіліктері (бұдан әрі – ЕББҚ) бар тәрбиеленушілер болған жағдайда, Үлгілік қағидаларға сәйкес топтарды жинақтау талаптарының сақталуы | талаптар толық сақталған | 5 |
| | | жекелеген рәсімдік сәйкессіздіктер (ресімдеу , мерзімдер) | 4 |
| | | балалардың құқықтарына әсер етпейтін жекелеген талаптардың толық сақталмауы | 3 |
| | | ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды топтарға жинақтау талаптарының сақталмауы | 2 |
| Оқу-әдістемелік жұмысқа қойылатын өлшемшарттар | | | |
| 11 | Тәрбиелеу-білім беру процесін жоспарлау мен іске асырудың Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) ( бұдан әрі – МЖМБС), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарларының ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) (бұдан әрі – ҮОЖ), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен | жоспарлау құжаттарының толық жиынтығының (жұмыс оқу жоспары, перспективалық жоспар, циклограммалар, жеке даму карталары) болуы; жоспарлау мен нақты қызмет арасындағы сәйкессіздіктердің болмауы | 5 |
| | | құжаттардың толық жиынтығының болуы; жоспарлау мен нақты қызмет арасындағы сәйкессіздіктер тек 1–2 көрсеткіш бойынша ғана ауытқулар байқалады | 4 |
| | | жоспарлау құжаттарының 1-інің болмауы немесе жоспарлау мен нақты қызмет арасындағы 3–5 көрсеткіш бойынша сәйкессіздіктердің болуы | 3 |
| | | жоспарлау құжаттарының 2 және одан да көбінің болмауы немесе жоспарлау мен нақты қызмет | 2 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) ( бұдан әрі – ҮОБ) талаптарына сәйкестігі | арасындағы 5-тен астам көрсеткіш бойынша сәйкессіздіктердің болуы | |
| 12 | Күн тәртібінің сақталуы және МЖМБС көзделген балалар қызметінің түрлерін ұйымдастырудың қамтамасыз етілуі | күн тәртібінің сақталуы қамтамасыз етілген; балалар қызметінің барлық түрлері толық жүзеге асырылады | 5 |
| | | міндетті қызмет түрлері сақталған, алайда болмашы ауытқулар орын алуы мүмкін | 4 |
| | | МЖМБС-тың міндетті талаптарына әсер етпейтін жекелеген бұзушылықтар | 3 |
| | | міндетті қызмет түрлері қамтамасыз етілмеген немесе күн тәртібі МЖМБС талаптарына сәйкес келмейді | 2 |
| 13 | Тәрбиеленушілердің эмоционалдық әл-ауқатын, жан-жақты және тұтас дамуын қамтамасыз ететін, балаларға қызмет түрлерін және бірлескен іс-әрекет қатысушыларын таңдауға мүмкіндік беретін дамытушы ортаның құрылуы | толық сәйкес келеді | 5 |
| | | МЖМБС-ты іске асыруға әсер етпейтін болмашы сәйкессіздіктер | 4 |
| | | МЖМБС-ты іске асыруға кедергі келтірмейтін ішінара кемшіліктер | 3 |
| | | дамытушы орта баланың дамуын қамтамасыз етпейді, негізгі аймақтар қамтылмаған, қауіпсіздік талаптары орындалмаған | 2 |
| 14 | ЕББҚ бар балаларға, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі балаларға білім алу үшін Үлгілік қағидаларға сәйкес арнайы жағдайлардың жасалуы | толық қамтамасыз етілген | 5 |
| | | жекелеген рәсімдік сәйкессіздіктер | 4 |
| | | міндетті талаптарға әсер етпейтін қамтамасыз етудің ішінара жеткіліксіздігі | 3 |
| | | ЕББҚ бар балаларға арналған бағдарламалар мен қолдау қарастырылмаған немесе олар үшін тиісті | 2 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | жағдайлар қамтамасыз етілмеген | |
| 15 | ҮОБ мазмұнын меңгеру деңгейін айқындау бойынша мониторинг нәтижелерінің болуы | МЖМБС толық кезеңдері сақталған | 5 |
| | | болмашы ауытқулар бар | 4 |
| | | мониторингтің міндеттілігіне әсер етпейтін ішінара іске асыру | 3 |
| | | мониторинг жүргізілмейді немесе МЖМБС талаптарына сәйкес келмейді | 2 |
| 16 | Жеке даму картасында бақылау нәтижелері ( бастапқы, аралық, қорытынды) бойынша іс-шаралардың жүргізілуі | мектепалды жастағы тәрбиеленушілердің кемінде 90%-ы дамудың барлық бағыттары бойынша күтілетін нәтижелерге қол жеткізуі қамтамасыз етіледі, алынған нәтижелер жеке даму жоспарын жоспарлауда қолданылады | 5 |
| | | мектепалды жастағы тәрбиеленушілердің кемінде 80-89%-ы дамудың барлық бағыттары бойынша күтілетін нәтижелерге қол жеткізуі қамтамасыз етіледі, алынған нәтижелер жеке даму жоспарын жоспарлауда қолданылады | 4 |
| | | мектепалды жастағы тәрбиеленушілердің кемінде 70-79%-ы дамудың барлық бағыттары бойынша күтілетін нәтижелерге қол жеткізуі қамтамасыз етіледі, алынған нәтижелер жеке даму жоспарын жоспарлауда қолданылады | 3 |
| | | 70%-дан төмен немесе деректердің болмауы | 2 |
| | | меңгеру мерзімі сақталған | 5 |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 17 | Оқу жылының басына қарай тәрбиеленушілерді жас топтарына ауыстыру және оларды Үлгілік қағидаларға сәйкес қалыптастыру талаптарының сақталуы | меңгеру мерзімін бұзбайтын жекелеген ауытқулар | 4 |
| | | ұйымдастырушылық сипаттағы жекелеген ауытқулар | 3 |
| | | мазмұнды меңгеру мерзімі сақталмаған ( МЖМБС талаптарының бұзылуы) | 2 |
| 18 | Балалардың ата-аналарын (өзге де заңды өкілдерін) тәрбиелеу-білім беру процесіне тарту | ата-аналарды тарту ұйымдастырылған және жүйелі түрде жүзеге асырылады; жұмыс түрлерінің әртүрлі нысандары жүргізіледі; ата-аналардың қатысуы және өзара іс-қимыл нәтижелері құжаттамада көрсетілген | 5 |
| | | ата-аналарды тарту жүзеге асырылады; жұмыс нысандары іске асырылады; ресімдеу немесе тіркеу талаптарының бұзылуы анықталған | 4 |
| | | ата-аналарды тартудың жекелеген нысандары жүргізіледі; жүйелілік жоқ немесе ата-аналардың қатысуы расталмайды | 3 |
| | | ата-аналарды тарту бойынша жұмыс ұйымдастырылмаған | 2 |
| Материалдық-техникалық қамтамасыз етуге қойылатын өлшемшарттар | | | |
| 19 | Мектепке дейінгі ұйымдардың жабдықтары мен жиһазының "Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығымен ( | кемінде 90% -ы сәйкес келеді | 5 |
| | | 80–89% сәйкес келеді | 4 |
| | | 70–79% сәйкес келеді | 3 |
| | | жарақтандыру нормаларына сәйкес келмеуі: көрсеткіштердің | 2 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 болып тіркелген) бекітілген жарақтандыру нормаларына сәйкестігі ( бұдан әрі – Жарақтандыру нормалары) | 70%-дан төмен болуы немесе міндетті элементтердің болмауы | |
| 20 | "Қазақстан Республикасының білім беру саласында қызметін жүзеге асыратын терроризм тұрғысынан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 30 наурыздағы № 117 бұйрығына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 27414 болып тіркелген) сәйкес бейнебақылау жүйесінің болуы және қауіпсіздік жағдайларының сақталуы | ішкі және сыртқы бейнебақылау жүйесі жұмыс істейді, хабардар ету жүйесі бар, дабыл түймесі бар, домофон жүйесі бар, қауіпсіздік шаралары толық көлемде жүзеге асырылады | 5 |
| | | бейнебақылау жүйесі және негізгі қауіпсіздік шаралары қамтамасыз етілген, болмашы сәйкессіздіктер бар ( ішінара қамту, жекелеген элементтердің толық жұмыс істемеуі) | 4 |
| | | бейнебақылау жүйесі немесе жекелеген қауіпсіздік шаралары ішінара іске асырылған ( қамтудың шектеулі болуы, міндетті элементтердің болмауы) | 3 |
| | | бейнебақылау жүйесі жоқ немесе қауіпсіздік жағдайлары қамтамасыз етілмеген | 2 |
| Оқу-әдістемелік және ақпараттық ресурстарға қойылатын өлшемшарттар | | | |
| 21 | ҮОБ-ға сәйкес мектепалды даярлықты іске асыратын білім беру ұйымдары үшін "Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, жекелеген пәндер бойынша базалық оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған, оның ішінде электрондық нысандағы оқу-әдістемелік кешендердің тізбесін | болуы және сәйкестігі | 5 |
| | | болмашы сәйкессіздіктер | 3 |
| | | ішінара сәйкессіздіктер | |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20708 болып тіркелген) сәйкес оқу-әдістемелік кешендердің болуы | міндетті талаптардың болмауы немесе оларға сәйкес келмеуі | 2 |
| 22 | Жарақтандыру нормаларына сәйкес тәрбиеленушілердің коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық, қимыл-қозғалыс және әлеуметтік дағдыларын дамытуды қамтамасыз ететін оқу және ойын материалдарының болуы | болуы және сәйкестігі | 5 |
| | | болмашы сәйкессіздіктер | 3 |
| | | ішінара сәйкессіздіктер | |
| | | МЖМБС талаптарына сәйкес келмеуі немесе олардың болмауы | 2 |
| 23 | Тәрбиелеу-білім беру процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қамтамасыз етілуі және пайдаланылуы | ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен қамтамасыз етілуі, интернет желісіне қолжетімділік және ақпараттық білім беру ресурстарын пайдалану заңнама талаптарына сәйкес келеді | 5 |
| | | ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен қамтамасыз етілуі, интернет желісіне қолжетімділік және ақпараттық білім беру ресурстарын пайдалану заңнама талаптарына сәйкес келеді, бірақ білім беру процесіне әсер етпейтін жекелеген сәйкессіздіктер бар ( жекелеген кабинеттердің толық жабдықталмауы, интернеттің тұрақсыздығы, ақпараттық білім ресурстарын эпизодтық пайдалану) | 4 |
| | | ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен қамтамасыз етілуі, | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | интернет желісіне қолжетімділік немесе ақпараттық білім беру ресурстарын пайдалану заңнаманың жекелеген міндетті талаптарына сәйкес келмейді, бұл білім беру процесін шектейді | 3 |
| | | ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен қамтамасыз етілуі, интернет желісіне қолжетімділік және ақпараттық білім беру ресурстарын пайдалану заңнама талаптарына сәйкес келмейді | 2 |
| 24 | Ресми интернет-ресурстың және edu.kz домендік аймағындағы домендік атаудың болуы | ресми интернет-ресурс жұмыс істейді, домендік атауы edu.kz аймағында тіркелген, ақпарат өзекті және заңнама талаптарына сәйкес келеді | 5 |
| | | интернет-ресурс жұмыс істейді және домендік атауы edu.kz аймағында тіркелген, ақпараттың өзектілігі немесе толықтығы бойынша жекелеген сәйкессіздіктер бар | 4 |
| | | интернет-ресурс бар, бірақ домендік атауы edu.kz аймағына сәйкес келмейді немесе ақпарат толық көлемде орналастырылмаған | 3 |
| | | ресми интернет-ресурс жоқ | 2 |

Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын

білім беру ұйымдарына
мемлекеттік аттестаттау өткізу
қағидаларына 2-қосымша

# Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін бағалау өлшемшарттары

| № р/с | Бағалау өлшемшарттары | Өлшеуіштер | Балдар |
|---|---|---|---|
| Жалпы сипаттағы өлшемшарттар | | | |
| 1 | Білім беру қызметін жүзеге асыруға құқықты қамтамасыз ететін құрылтай және рұқсат беру құжаттарының болуы және олардың "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" және "Білім туралы" Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкестігі | құжаттар Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келеді | 5 |
| | | құжаттар сәйкес келеді, болмашы техникалық айырмашылықтар бар | 4 |
| | | құжаттарда сәйкессіздіктер бар ( мәліметтер, қосымшалар, деректемелер) | 3 |
| | | лицензияның болмауы немесе құжаттардың белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі | 2 |
| | Білім беру ұйымын басқару құрылымы мен басқару органдарының ( педагогикалық, қамқоршылық, әдістемелік кеңестердің және педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің) қызметінің: " Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім | басқару құрылымы мен басқару органдарының қызметі заңнама талаптарына сәйкес келеді | 5 |
| | | басқару құрылымы мен басқару органдарының қызметі заңнама талаптарына сәйкес келеді, болмашы техникалық қателіктер бар | 4 |
| | | басқару құрылымы мен басқару органдарының қызметі заңнама талаптарына ішінара сәйкес, елеулі сәйкессіздіктер анықталған | 3 |
| | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 2 | және ғылым министрі міндетін атқарушының 2008 жылғы 16 мамырдағы № 272 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5229 болып тіркелген), "Білім беру ұйымдарындағы қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидаларын және оны сайлау тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15584 болып тіркелген), "Мәдениет саласындағы білім беру ұйымдарын қоспағанда, білім беру ұйымдарында оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 10 тамыздағы № 253 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33285 болып тіркелген), " | басқару құрылымы мен басқару органдары құрылмаған не олардың қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына сәйкес келмейді | 2 | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Педагогикалық әдеп қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 190 бұйрығына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20619 болып тіркелген) талаптарына сәйкестігі, сондай-ақ білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін жағдайларды қамтамасыз ету. | | |
| 3 | Білім беру ұйымы басшысының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрығымен бекітілген педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5750 болып тіркелген) сәйкестігі | біліктілік талаптарына сәйкес келеді; тағайындау белгіленген тәртіппен рәсімделген | 5 |
| | | біліктілік талаптарына сәйкес келеді; болмашы рәсімдік сәйкессіздіктер бар, жекелеген біліктілік талаптары сақталмаған | 4 |
| | | біліктілік талаптарына сәйкес келмейді немесе заңнама талаптарын бұза отырып тағайындалған | 3 |
| | | біліктілік талаптарына сәйкес келмейді немесе заңнама талаптарын бұза отырып тағайындалған | 2 |
| | Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) мемлекеттік жалпыға міндетті | даму жоспары бекітілген; өзекті; оқу нәтижелерімен және МЖМБС талаптарымен байланысты мақсатты индикаторларды қамтиды; іске асырылу нәтижелері расталған (талдау, есептер, ақпараттық жүйе деректері) | 5 |
| | | жоспар бар және іске асырылуда; көрсеткіштер ішінара қол жеткізілген; оқу нәтижелерімен байланысы байқалады | 4 |
| | | жоспар формалды сипатта; жүйелі іске асыру жоқ немесе көрсеткіштерге қол жеткізу расталмаған | 3 |
| | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 4 | мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру стандарттарының ( бұдан әрі – МЖМБС) талаптарына сәйкес білім сапасын қамтамасыз етуге және оқыту нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған білім беру ұйымын дамыту жоспарының болуы және іске асырылуы | жоспар жоқ немесе іске асырылмайды | | 2 |
| Кадр құрамына қойылатын өлшемшарттар | | | | |
| 5 | Педагогтердің тиісті бейін бойынша педагогикалық және (немесе) кәсіптік білімге қойылатын талаптарға сәйкестігі не педагогикалық қайта даярлау туралы құжатының болуы | педагогтердің 100%-ы талаптарға сәйкес келеді | | 5 |
| | | 90-99% | | 4 |
| | | 80-89% | | 3 |
| | | 80%-дан төмен | | 2 |
| | | бастауыш | негізгі орта және жалпы орта | |
| | | | толық жинақталған білім беру ұйымдары үшін: жалпы білім беретін мектептер, мектеп-гимназиялар, мектеп-лицейлер - 55 %-дан жоғары, лицейлер - 60 %-дан жоғары, оның ішінде жаратылыстану-математикалық бағыттағы педагогтердің үлесі 50%-дан жоғары, | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | толық жинақталған білім беру ұйымдары үшін: жалпы білім беретін мектептер, мектеп-гимназиялар, мектеп-лицейлер 45 %-дан жоғары, гимназиялар - 50 %-дан жоғары; Шағын жинақталған білім беру ұйымдары үшін: жалпы білім беретін мектептер - 30 %-дан жоғары | гимназиялар үшін 60 %-дан жоғары, оның ішінде қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы педагогтердің үлесі 50%-дан жоғары, дарынды балаларға арналған мамандандырылған білім беру ұйымдары үшін 65 %-дан жоғары, оның ішінде аудандық және/немесе облыстық конкурстар мен жарыстар кезеңдерінің жеңімпаздарын және/немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен соңғы бес жылдағы республикалық конкурстар мен жарыстардың қатысушылары мен жеңімпаздарын дайындаған педагогтер (болған жағдайда); Шағын жинақталған білім беру ұйымдары үшін: жалпы білім беретін мектептер 35 %-дан жоғары | 5 | |
